



ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ

Кіріспе сөз





Жоспары:

1. Оқыту теориясы туралы түсінік.
2. Оқыту критерийлері.
3. Оқыту теориясы және философиясы: Рационализм мен эмпиризм.
4. Оқыту теориясы және зерттеу.
5. Оқытуды психологиялық тұрғыдан зерттеу негіздері.

Неліктен біздің дәрісіміз «Оқыту теориясына» арналады? Бұл тақырыптың өзектілігі неде? Ең алдымен осы мәселені анықтап алайық.

Бәрімізге белгілі, Оқыту – білім беру жүйесіндегі аса маңызды іс-әрекет. Оқыту процесін неғұрлым жақсы түсінсек, оны дамытатын алғышарттарды жасауға да мүмкіндігіміз соғұрлым мол болмақ. Оқыту процесіне білім алу, дағдылар, тәсілдер, ұстанымдар, көзқарастар және мінез-құлықты қалыптастыру мен оларды жетілдіру жатады. Адамдар танымдық, лингвистикалық, әлеуметтік дағдыларды әртүрлі жолмен қалыптастыра алады. Қарапайым мысал келтіретін болсақ, балалар $2+2=?$ есебін шығарып, әріптерді айыра білуді, аяқкиімінің бауын байлап, басқа балалармен ойнауды үйренеді. Одан күрделірек деңгейге жеткен кезде күрделі теңдеулерді шешіп, курс жұмысын жазады, түрлі жобаны топ болып бірлесе орындайды. Адамдар оқудың аса маңыздылығымен келіскенімен, оның себептерін, процесін, салдарларын түрліше түсіндіреді. Теоретиктер, зерттеушілер мен практик мамандар үшін оқытудың ортақ анықтамасы жоқ.

Дейл Шунк аталған еңбегінде: «Оқыту дегеніміз – қайталаулардың немесе тәжірибенің нәтижесінде адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыс ерекшелігінде орын алатын, ұзақ уақытқа созылатын өзгеріс», – дейді. Бір қарағанда анықтама күрделі сияқты көрінуі мүмкін. Сондықтан қарапайым тілмен түсіндіруге тырысайық.

Оқыту – жаңа бір нәрсені тануға, түсінуге бағытталады. Кез келген білім алушы білуге ұмтылады. Демек, Оқытудағы міндет – білім алушыға қоршаған орта мен құбылыстар туралы ақпарат меңгерту. Оқыту процесінде оқушылардың ақыл-ойы, таным дамиды, іскерлігі, дағдысы қалыптасады. Білім – адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі, бәріміз білетіндей екі жақты процесс. Оқытуды анықтау үшін оның мынадай 3 түрлі критерийін жан-жақты талқылап көрелік. Бірінші критерий бойынша оқыту мінез-құлықтағы өзгерісті білдіреді. Себебі адамдар немен айналысып жатқанын жарияламай-ақ, дағдыларды, білімді, көзқарастарды немесе мінез-құлықты қалыптастыра алады. Мұнда өзгеріс – оқыту процесіндегі негізгі қозғаушы күш десек болады. Адамдар қандай да бір іс-әрекетті басқаша жасағысы келген кезде оқып-үйрене бастайды, яғни оқыту күнделікті бір нәрсені жасай бергеннен жалыққан кездегі тамаша шешім. Өзге бір нәрсені оқып-үйрену, тану арқылы сіз жалығу деген сезімнен құтыласыз. Сондай-ақ, оқыту түйсікке, яғни адамдардың айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым сияқты әрекетіне негізделеді. Екінші критерийге сәйкес, оқыту процесі уақыт өтсе де жалғаса береді. Алайда ұмытшақтыққа байланысты оқыту ұзаққа созылмауы да мүмкін. Осыған байланысты зерттеушілер «оқып-үйренді» деген анықтама беру үшін оқыту процесі қаншалықты ұзаққа созылуы керек деген мәселе төңірегінде бір шешімге келе алмай отыр. Дегенмен олардың көбі аз уақытқа созылған өзгерістерді (мысалы, бірнеше секунд) оқыту деуге болмайды деген пікірмен келіседі. Оқытудың үшінші критерийі тәжірибе арқылы қол жеткізуге болады (мысалы, қайталау, басқаларды бақылау). Алайда бұған балалардың есеюі арқылы анықталатын еңбектеу, қаз тұру сияқты мінез-құлық өзгерістерін жатқызуға болмайды.

Қазіргі оқыту теориясы ерте кезден бастау алады. Зерттеушілерді толғандырып отырған сұрақтар мен мәселелер енді ғана пайда болған жоқ, керісінше, адамдардың өздерін, басқаларды және өздері өмір сүретін әлемді түсінуге деген талпынысынан туындап отыр. Сондықтан оқытуды түрлі ғылымдармен байланыста түсіндірген жөн. Ең алдымен Оқыту философиямен тікелей байланысты. Себебі, оқыту білуден, сананың қабылдауынан бастау алады. Ал Біз қалай біле бастаймыз? Жаңа нәрсені қалай үйренеміз? Білімнің көзі неде? деген сұраққа жауап беру үшін сонау көне грек философтарының еңбегін айтпай кете алмаймыз. Білім санаға негізделеді ме, әлде сезімге негізделеді ме деген мәселе тұрғысынан ғылымда біраз таластар болғаны белгілі.

Дейл Шунк осы еңбегінде қоршаған ортаға қатысы негізгі екі көзқарас ретінде рационализм мен эмпиризмді салыстыра қарастырған. Рационализм «білім санаға негізделеді, оған сезім



мүшелерінің еш қатысы жоқ» деген пікірді алға тартады. Адамзат білімі жайлы көзқарастарда елеулі орын алатын сана мен материя арасындағы айырмашылық Платоннан бастау алады. Ол «сезім мүшелері арқылы қол жеткізген білім мен сана арқылы алынған білім – екі түрлі» деген пікір айтады. Платонның ойынша, заттар (мысалы, үйлер, ағаштар) туралы сезім мүшелері арқылы біле алсақ, ойлау арқылы олар жайлы идея қалыптасады.

Сана – адамның ойлау қабілетінің ең жоғары деңгейі, өйткені сана арқылы адам абстрактілі идеяларға жол ашады. Шынайы білім туа пайда болады және сана арқылы көрініс табады деген Платон: «Оқыту – санадағы ақпаратты қайта жаңғырту, яғни Ақыл санада туа қалыптасады және сезім мүшелері арқылы жеткен ақпаратқа мағына береді», – дейді.

Рационалистік ұстанымды француз философы және математигі Рене Декарттың (1596–1650) еңбектерінен де байқауға болады. Ол зерттеу тәсілі ретінде күмәндануды қолданады. Декарт Күмәндану арқылы ақиқатты табады деген қорытындыларға қол жеткізеді. Өзінің күмәндана алатынына көз жеткізе отырып, ол «сана бар» дегенді кесіп айтты. Оны Декарттың әйгілі «Ойлағандықтан бармын» (ойлау – болмысты анықтайтын бірегей негіз) нақылынан байқауға болады.

Неміс философы Иммануил Кант (1724–1804) рационалистік көзқарасты әрі қарай жалғастырды. Ол өзінің «Таза санаға сын» атты еңбегінде: «Сыртқы әлем хаос күйінде болады, біз оны бір жүйеге немесе тәртіпке енгізілген орта ретінде сананың қабылдауына байланысты, қабылдаймыз» деп көрсетеді. Канттың пікірінше, Дүниенің нақты қандай екенін біз кесіп айта алмаймыз. Біздің санамызда қалыптасқан әлем оны біздің қалай қабылдауымызға байланысты. Кант сананың білім көзі ретіндегі рөлін тағы да қайталай отырып, сананың тәжірибеден тыс әрекет ете алмайтынымен келіседі.

Жоғарыдағы философтардың пікірлерін түйіндей келе шығатын қорытынды Рационализм дегеніміз – білім сана арқылы пайда болады дейтін доктрина. Қоршаған ортада болып жатқан жағдайларды адамдар сезім мүшелері арқылы қабылдағанымен, идея сананың қызметіне қатысты пайда болады. Білімге қатысты айтқанда сөз болатын келесі көзқарас Эмпирикалық көзқарас. Эмпиризмнің рационализмнен айырмашылығы, ол «білім негізі – тәжірибе» деген идеяны ұстанады. Бұл көзқарас Аристотельден бастау алады. Аристотель сана мен материяның аражігін нақты айырып көрсеткен жоқ. Оның ойынша, қоршаған орта адамдардың сенсорлық қасиеттеріне, яғни сезінулеріне негіз болады. Ол табиғат заңдарын сезіну арқылы емес, керісінше, қоршаған ортадан ақпарат келіп түскен кезде сана арқылы анықтай аламыз дейді.

Аристотель ассоциативті теориясы бойынша қандай да бір затты немесе оқиғаны еске алу соған ұқсас заттарды немесе оқиғаларды еске түсіреді. «Екі зат немесе оқиға неғұрлым ұқсас болған сайын, осыған ұқсас дүниелер есімізге соғұрлым көп түседі», – дейді. Бұл саланың көрнекі өкілдерінің бірі – эмпирикалық мектептің іргетасын қалаушы, британдық философ Джон Локк болды. Ол «Адамның ақыл-парасаты жайлы» шығармасында (1690) «табиғи идея деген жоқ, барлық білім екі түрлі – сыртқы және ішкі тәжірибеге негізделеді», – дейді. Оның пікірінше, Туған кезде адам санасы таза тақтадай болады. Сезім мүшелері арқылы пайда болған идеялар санада көрініс табады, яғни сана әртүрлі жолмен келіп түскен идеялардан тұрады. Бұл пікірлерден шығатын қорытынды – эмпиризм тәжірибені білімнің бір ғана көрінісі деп есептейді. Аристотельден бастап, барлық эмпирикалық бағытты ұстанушылардың пікірінше, сыртқы орта адамдардың көңіл күйіне әсер етеді.

Оқытуда теория мен зерттеудің маңызы зор. Біз теория деген сөзді жиі естиміз, қолданамыз? Алдымен теория деген не соны анықтасақ. Теория дегеніміз – қандай да бір құбылысты түсіндіруге арналған, ғылыми тұрғыдан қабылданған қағидалар жинағы. Теориялар қоршаған ортада болып жатқан жағдайларды түсіндіріп, зерттеу мен білім арасын жалғастырушы көпір қызметін атқарады. Теория болмаса, адамдар зерттеу нәтижелерін қалай болса солай жинақталған деректер топтамасы деп қабылдауы мүмкін. Өйткені теория жоқ жерде зерттеушілер мен практик мамандардың ортақ ережесі болмайды. Ал осы теориялардың қаншалықты маңызды екендігі практика барысында байқалады. Қандай да бір теорияны ұсынбас бұрын сол салада жан-жақты зерттеулер жасалады. Ал зерттеушілер өз жұмысын бастамас бұрын зерттеуге кім қатысады? Зерттеу қайда жүргізіледі? Қандай әдістер қолданылады? Қандай факторлар мен нәтижелер бағаланады? деген сұрақтар қояды. Жоғарыда оқытуды философиялық тұрғыдан қарастырған едік. Енді Оқытуды психологиялық тұрғыдан зерттеу негіздері жайлы айтпақпыз.



Психологиялық жүйелі зерттеулер ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жолға қойыла бастағанымен, оқуды психологиялық тұрғыдан зерттеу ісі нақты қай кезде басталғанын тап басып айту қиын.

Алғашқы психологиялық зертхананы 1879 жылы Германияның Лейпциг қаласында Вильгельм Вундт ашқан. Психологиялық зертхананы ашудың маңыздылығы аса жоғары еді. Зертханада құбылысты ғылыми тұрғыдан түсіндіруді мақсат ететін ғалымдар жұмыс істеді. Вильгельм Вундт «Физиологиялық психология негіздері» атты еңбегінде физиологияның зейінді зерттейтінімен келіседі. Оның ойынша, психологиялық әдіс физиологиялық әдістен кейін орын алуы керек. Ол вербалды ассоциация, зейін, сезім және көңіл күйі сияқты құбылыстарды да зерттеді. Вундттың зертханасы айтарлықтай психологиялық жаңалықтар ашып, сыни эксперименттер жүргізген жоқ. Алайда ол психологияны жеке пән ретінде, ал экспериментті білім алу мен жетілдірудің тәсілі ретінде қалыптастырып кетті.

Эксперименттік әдісті бекітіп, психологияны ғылым ретінде қалыптастыруға үлес қосқандардың бірі – неміс психологі Герман Эббингауз. Ол жадыны зерттей отырып, ақыл-ой процесін қарастырды. Эббингауз көп жағдайда зерттеу нысаны ретінде өзін пайдаланатын. Осындай тәжірибелердің бірінде ол ешбір мағынасыз буындар тізімін жасап, оларды жаттай бастайды. Тізімді бірнеше рет қайталағаннан кейін қатені аз жіберетінін, басында тез ұмытып қалғанымен, бірте-бірте алғашқымен салыстырғанда буындарды жаттау үшін уақыттың азырақ қажет бола бастағанын анықтайды. Сол арқылы материал неғұрлым мағыналы болса, оны жаттау соғұрлым жеңіл болатынын анықтады. Зерттеу нәтижелері оның «Жад туралы» деп аталатын еңбегінде жарияланды.

Тарихи тұрғыдан маңызы болғанымен, аталған зерттеудің кемшін тұстары да жоқ емес. Себебі экспериментке өзі ғана қатысты. Демек, оның пікірінің біржақты болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар «мағынасыз буындарды жаттау мағыналы оқуға қаншалықты әсер ете алады?» деген сауал да жоқ емес. Алайда Эббингауздың зерттеу нәтижелерінің көпшілігі кейінірек тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Өткен ғасырда Америка философы әрі педагогы Джон Дьюи: «Белсенді сабақтарды жүргізу, жаратылыстану ғылыми пәндерін, өнерді, тарихты оқу керектігін, мектептегі рухани атмосфераны өзгерту керектігін айтты. Ол үшін мұғалім мен білім алушы қарым-қатынасының маңыздылығына ерекше тоқталды. ХХ ғасырдың басында-ақ ол қаз-қатар қойылған парталардың көңілсіз орын болып табылатындығын байқаған. Ол ондай сыныптарды бір нәрсе жасауға емес, «тыңдауға арналған орын деп санады. Дьюи оқытудың табиғи тәсілі ретінде диалогқа негізделген оқуларды айтады. Жоғарыдағы эмпирикалық көзқарасты ұстанушылар сияқты Дьюи де жаңа тәжірибемен алмасу, белсенді ат салысу арқылы білім тез алынады деп санады. Ол дәстүрлі, яғни репродуктивті оқытуды жаттап алу әдісіне негізделген білім ретінде сынаған болатын. Біршама уақыт өтсе де, бұл пікірлер әлі де өзекті.

Американдық психологтар Карл Роджерс пен Джер Брунер секілді психологтар өз зерттеулерінде «жеке тұлғаға бағдарланған» оқытуды ұсынды. Ал оқыту саласындағы когнитивтік психолог және теоретик Джером Брунер «экспериментальді» оқыту немесе «жаңалық ашу жолымен оқыту» идеясын әкелді. Брунер оқу үрдісі мен оқу пәнін бөлуге болмайтындығын атап өтті.

«Екінші ұстаз» Әбу Насыр Әл-Фараби «Философтардың қойған сауалдарына жауап» деген еңбегінде оқыту, білім беру істеріне тоқталады. Оқып үйренуде жаттап алу дұрыс па, жоқ түсініп алу дұрыс бола ма? деген сұраққа түсініп алған дұрыс, барлығын жаттап алу мүмкін емес деп жауап берген.

Оқытуға қатысты қазақ ғалымдары: Ы. Алтынсарин қазақ балаларын оқыту, өздігінен білім алуға ынталарын арттыратын әдістер мен тәсілдерді зерттеген. Ал Ахмет Байтұрсынұлы өзінің саналы өмірін ұлттық білім беру жүйесіне арнады. Міржақып Дулатұлы математикадан «Есеп құралы» атты оқу құралын жазса, Мағжан Жұмабайұлы «Педагогика» атты еңбегі, «Сауатты бол» т.с. еңбектерінде әдістемелік мәселелерді қозғады.

Қорыта келгенде, Оқыту «адамдар білімге қалай қол жеткізеді, білімін, оқу тәсілдерін, сенімдерін және мінез-құлқын қалай жетілдіреді?» деген мәселелерді зерттеумен тығыз байланысты. Оқыту тәжірибенің немесе басқа факторлардың әсерінен мінез-құлықта ұзақ уақыт бойы орын алатын өзгерісті білдіреді.



Оқытуды ғылыми тұрғыдан зерттеу атақты философтар – Платон мен Аристотельдің еңбектерінен бастау алады. Оқыту қалай іске асатынын зерттейтін екі негізгі бағыт ретінде структурализм мен функционализмді атауға болады. Оқытуды психологиялық көзқарас тұрғысынан зерттеу ХІХ ғасырдың соңынан басталады. ХХ ғасырдың басында структурализм мен функционализм өздерін ерекше бағыттар ретінде таныта білді. Теориялар қоршаған ортада болып жатқан оқиғалардың себебін түсіндіреді. Олар зерттеулер мен білім беру тәжірибелерін байланыстырып, зерттеу нәтижелерін білім беру процесінде қолдану құралы бола алады.

Оқытуға қатысты ғалымдар арасында түрлі пікірлер, көзқарастар бар.

Оқытудың мақсаты не? Басты назарға нені алу керек? деген сұрақтар расымен де өзекті.

Бүгінгі әлем қарқынды дамып, күнде өзгеріп жатқан әлем. Сондықтан, мектеп мұғалімдері болсын, ЖОО оқытушылары болсын ХХІ ғасырдың оқыту жүйесі қалай болуы керек? деген сұраққа ойланады.